



ARNUR CREDIT

«Арнұр Кредит» МҚҰ» ЖШС
Қатысушылар Жалпы жиналысының
«11» ақпан 2021 жылғы № 23/2021 хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

«Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру туралы ЕРЕЖЕЛЕРІ

Шымкент қаласы

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ереже	3
2. Микрокредит алуға өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі.....	3
3. Микрокредит беру Шартының түзілу тәртібі.....	4
4. Берілетін микрокредит сомасы мен мерзіміне қойылатын шектеулер	4
5. Ұсынылатын микрокредит сыйлық ақысы мөлшерлемесінің шектеулі көрсеткіштері	4
6. Ұсынылған микрокредиттің сыйлық ақысын төлеу тәртібі	5
7. Микроқаржылық ұйымымен қабылданған қамтамасыздандыруға қойылатын талаптар ...	5
8. Берілетін микрокредит сыйлық ақысының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу ережесі	5
9. Микрокредит төлеу әдістері.....	6
10. Қосымша шарттар.....	6

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы «Арнұр Кредит» Микроқаржылық ұйым» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Арнұр Кредит») микрокредиттер беру туралы Ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2. Бұл ережелер микрокредит берудің тәртібін, шарттарын, негізгі принциптерін анықтайды.

1.3. «Арнұр Кредит» микрокредит беру Ережелері клиенттердің назарына қолжетімді орындарда, оның ішінде «Арнұр Кредит»-тің www.arnurcredit.kz интернет-ресурсында орналастырылған және микрокредиттер беру шарттары туралы ақпаратты қамтиды.

1.4. Қарыз алушыға қойылатын талаптар, микрокредит түрлері, микрокредит шарттары осы Ережелер мен және «Арнұр Кредит» басқа да ішкі нормативті құжаттарымен анықталады.

2. МИКРОКРЕДИТ АЛУҒА ӨТІНІШ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. «Арнұр Кредит» микрокредит беру туралы өтінішті қарау және шешім қабылдауы үшін, өтініш беруші «Арнұр Кредит» сұратқан құжаттармен мәліметтерді ұсынуы тиіс.

«Арнұр Кредит»-ке микрокредит алуға өтініш берген тұлға, микрокредит беру туралы шешім қабылдау және де микрокредит бойынша міндеттемелерді орындау үшін «Арнұр Кредит» сұратқан құжаттар мен мәліметтерді тағайындалған тәртіпте ұсынуға міндетті, атап айтқанда:

- Өтініш білдірушінің жеке басын куәландыратын құжаттар;
- Өзге құжаттар Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» жайлы 26 қараша 2012 жылғы №56-V ЗРК заңына сәйкес немесе Несие берушінің талабы бойынша.

2.2. Өтініш беруші «Арнұр Кредит»-ке микрокредит алуға өтініш білдірген жағдайда «Арнұр Кредит» қызметкері микрокредиттің пайдалану мақсатын анықтап, микрокредит беру шартымен тәртібін түсіндіреді, микрокредит алуға қажетті құжаттар тізімімен таныстырады.

2.3. «Арнұр Кредит» қызметкерлері ұсынылған құжаттармен мәліметтердің қолданыстағы заңға және орнатылған тәртіпке сәйкес келуін тексереді.

Ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің тағайындалған тәртіпке сәйкес келмеген жағдайда, «Арнұр Кредит» қызметкері өтініш берушіге кем құжаттарын толықтырып «Арнұр Кредит»-ке микрокредит алуға қайта өтініш беруге құқылы екенін хабарлайды.

«Арнұр Кредит» қызметкерлері ұсынылған құжаттарға қаржылық және заңды тексеріс жүргізеді.

2.4. «Арнұр Кредит» келесі жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға құқылы, егер:

- тексеріс барысында жалған құжаттар немесе дерексіз мәліметтер айқындалса;
- Өтініш берушінің толықтай немесе белгілі дәрежеде қабілетсіздігі танылған болса;
- Өтініш білдірушіге қатысты «Арнұр Кредит»-ке өтініш білдірген мезгілде қозғалған атқару өндірісінің бар болса;
- егер өтініш білдіруші үстінен қозғалған іс бойынша тергеуде болса, сонымен қатар әдейі ойластырылған қылмысы үшін сотталғандығы анықталса;

«Арнұр Кредит» және басқа да жағдайларға байланысты микрокредит ұсынудан негізделген бас тартуға құқылы.

2.5. Микрокредит беру мәселесі Несие Комитетінде қаралады, сонымен қатар Несие Комитетімен айқындалған лауазымдық құзырларының шектеріне сәйкес жауапты қызметкерлермен қаралады.

2.6. Микрокредит алуға өтініштің қаралу уақыты «Арнұр Кредит»-ке керек құжаттар тізімін толық өткізген уақыттан бастап – 3 (үш) жұмыс күнді құрайды.

2.7. Оңтайлы шешім қабылданған жағдайда «Арнұр Кредит» өтініш берушімен микрокредит

беру шартын (кепілзат шарты, кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім, кепілдік беру шарты) түзеді.

2.8. Микрокредит беру қолма қол қаржымен «Арнұр Кредит» кассаларында немесе қаржыны қарыз алушының есептік шотына аудару арқылы жүзеге асады.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ШАРТЫНЫҢ ТҮЗІЛУ ТӘРТІБІ

3.1. Шарт Заңның және уәкілетті органның микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі туралы өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына сәйкес, тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

3.2. Микрокредиттер Қарыз алушы және «Арнұр Кредит» арасында 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу шарттарында шарт жасау арқылы беріледі:

- «Микрокредит беру туралы қосылу шарты» шартының бөлігі «Арнұр Кредит»-тің ресми интернет-ресурсында www.arnurcredit.kz электрондық нұсқада жарияланған, оған ашық және еркін қолжеткізуге болады, оған қол қойылмайды, бірақ екі тарап та онымен танысып, орындауға міндетті.

- «Қосылу туралы өтініш» шартының бөлігіне қағаз нұсқада «Арнұр Кредит»-тің уәкілетті өкілі және Қарыз алушы қол қояды.

3.3. Өтініш пен Шарт бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және микрокредит беру туралы шарттың бірыңғай құжатын құрайды. МҚҰ кез келген құжаттарында және шарттарында, сонымен қатар кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде қолданылатын «шарт» және «микрокредит беру туралы шарт» ұғымдары Микрокредит беру туралы қосылу шартының және Қосылу туралы өтініштің мазмұнына бірдей дәрежеде қатысты болады.

3.4. Қарыз алушы микрокредит беру шартын оқып шығып, туындаған сұрақтарға «Арнұр Кредит» қызметкерінен түсіндірме алғаннан соң қол қояды.

3.5. Микрокредит беру шартына (кепілзат шарты, микрокредит желісін ашу шарты, кепілдеме беру шарты) қол қойғаннан соң қарыз алушының қолында келесі құжаттар болу керек:

- Қол қойылған шарттар;

- Төлем күні және төлем сомасы көрсетілген төлем кестесі.

3.6. Егер кепілзат мүлкі мемлекеттік тіркелуді қажет еткен жағдайда, несиеленуші кепілзат шартын мемлекеттік мекемелерде тіркейді.

4. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТ СОМАСЫ МЕН МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

4.1. «Арнұр Кредит» бір қарыз алушыға республикалық бюджеттен сол жылға сәйкес бекітілген бір айылық есептік көрсеткіштің жиырмамыңнан аспайтын мөлшерде микрокредит беруді ұсынады.

4.1. Микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі қоса алғанда 60 (алпыс) айды құрайды.

4.2. Кредиттік желі шеңберінде микрокредит берудің ең ұзақ мерзімі қоса алғанда 60 (алпыс) айды құрайды.

5. ҰСЫНАЛАТЫН МИКРОКРЕДИТ СЫЙЛЫҚ АҚЫСЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ ШЕКТЕУЛІ ҚӨРСЕТКІШТЕРІ

5.1. Ұсынылған микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйлық ақы мөлшері микрокредитті беру мерзіміне қарамастан жылдық негізінде көрсетіледі.

5.2. «Арнұр Кредит» жылдық тиімді сыйлық ақы мөлшері өкілетті ұйымның нормативтік құқықтық актімен көрсетілген шектеулі мөлшерден аспайды.

6. ҰСЫНЫЛҒАН МИКРОКРЕДИТТІҢ СЫЙЛЫҚ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Клиенттердің ұсынылған микрокредиттің сыйлық ақын төлеу келісім шарт түзгенде микрокредит пайызын, негізгі қарыздың сомманы төлеу мерзімі көрсетілген және осы шарттар бұзылған жағдайда қолданылатын санкцияларды көрсетілген шарттар және төлеу кестесі арқылы жүзеге асырылады.

6.2. Сыйлық ақы есептеу мерзімі Қарыз алушыға микрокредит берген күннен бастап жүзеге асырылады. Сыйлық ақы есептеудің соңғы мерзімі микрокредит толық төленгенде тоқтатылады, яғни шотқа микрокредиттің берешегін төлеген күннен. Пайызды есептеу төлеу кестесі бойынша микрокредитті пайдаланған нақты күнтізбемен жүзеге асырылады, жылына 365/366 күн деп есептелінеді.

7. МИКРОКАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМЫМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. «Арнұр Кредит» қамтамасыздың келесі түрлерін қабылдайды:

7.1.1. Жылжымайтын мүлік (тұрғын және тұрғын емес ғимараттар, жер телімі, аппаты жағдайдағы, өрт- жарылыс және т.б. ғимараттарынан басқа барлық ғимараттар.);

7.1.2. Жылжымалы мүлік (көлік, ауыл шаруашылық техникасы, айналымдағы тауарлар, өндірістік және сауда жабдықтары, оргтехника, жеке мүліктер, ІҚМ/ҰҚМ мал және құс, акция және несие бюросы, Микрокаржылық ұйымындағы, банкнотарды инкассалау ұйымдары, ақшалай қаржаттарды қарауылдау лицензиясы бар ұйымдар капиталындағы жарғы бөлігі);

7.1.3. 3 –ші тұлғаның кепілдігі (кепілдеме беру) жеке және заңды тұлға;

7.2. Қамтамасыз ету ретінде берілген мүлікті иелену, қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы тиіс.

7.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілгендей мүлік келісім шарты мемлекеттік тіркеуге алынуы керек болса, онда ол мүлікті мемлекеттік тіркеу жүргізетін ұйымда тіркеу тиіс.

8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТ СЫЙЛЫҚЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖІСІ

8.1. Берілген микрокредитті қолданғаны үшін сыйлық ақы мөлшері жылдық қайта есептеуде көрсетіледі, бұл микрокредиттің берілген мерзіміне байланысты емес.

8.2. Жылдық тиімді сыйлық ақы мөлшерлемесі дегеніміз - қарыз алушының сыйлық ақымен бірге болатын шығындарын ескере ала отырып есептелінетін, Микрокаржылық ұйымға төленетін комиссиялық және басқада төлемдер бар болғанда қызмет көрсеткені, жапқаны (қайтарғаны) үшін берілетін шынайы, жылдық, тиімді және салыстырмалы микрокредитке есептелген пайыздық мөлшерлемесі болып табылады

8.3. Микрокредиттің жылдық тиімді сыйлық ақы мөлшерлемесі күзіретті мекеменің актісімен белгілеген мөлшерлемесінен асып кетпеуі тиіс.

8.4. Ұсынылып жатқан микрокредиттің тиімді сыйлық ақы есептеу тәртібі күзіретті мекеме тарапынан дайындалып бекітіледі.

8.5. Микрокредит келісім шарттың шарттарын өзгерту салдарынан Қарыз алушының қаржылық жағдайын, микрокредит соммасын және (немесе) төлеу мерзімі өзгеруімен түзетілген жылдық тиімді сыйлық ақы есептеу, берілген микрокредит мерзімінен төленген сомалар есептелмей, микрокредит шарттары өзгерген күнмен қалдық сомаға есептелінеді.

8.6. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

- n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;
- j - қарыз алушыға төлеудің реттік нөмірі;
- S_j - қарыз алушыға j-ші төлеу сомасы;
- APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
- tj - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлеу сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);
- m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;
- P_i - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;
- ti - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

9. МИКРОКРЕДИТ ТӨЛЕМ ӘДІСТЕРІ

9.1. «Арнұр Кредит» келесі микрокредит төлем әдістерін қолданады:

9.1.1. Дифференциалдық төлеу әдісі: негізгі сомманы тең үлестермен азайтылуы және негізгі сомманың қалған қалдығына кезіңге есептелінген сыйақымен бірге негізгі сомманың азайтылуы бойынша айсайынғы төлем азайтылуы бойынша жүзеге асады;

9.1.2. Аннуитеттік төлем әдісі: негізгі сомма бойынша төлем жоғарылап, негізгі сомманың қалған қалдығына кезіңге есептелінген сыйақы төлем азайтылуы бойынша ай сайынғы төлем теңдей жүзеге асады. Бірінші және соңғы төлем мөлшері басқа айлардан өзгеше болуы мүмкін;

9.1.3. Икемді төлем кестесі, айсайынғы төлем негізгі сомманың қалған қалдығына кезіңге есептелінген төлемі бойынша, негізгі сомма айсайын, бөлініп не болмаса мерзім соңында бір төлеммен жүзеге асады.

10. ҚОСЫМША ШАРТТАР

10.1. «Арнұр Кредит» несиелік қызметінің тиімділігін көтеру мен жұмысын жақсарту мақсатында осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

10.2. «Арнұр Кредит» қызметкерлерінің тиімді жұмыс жасауы үшін осы Ережеге Басқармамен келісілген соң қосымша шарттар жасалып, тәжірибе ретінде «Арнұр Кредит» қызметіне енгізіледі.